

Бекітемін

Менгеруші



Биязбаева Г.З.

2024 ж.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Қарғалы ауданының білім бөлімі»  
«Бөбек» бөбекжай балабақшасы» МКҚК



Адаптивтік бағдарлама

**«Асық- ұлттық құндылық»**

Тәрбиеші: Камысбаева М.К

Ш.Қалдаяков ауылы 2024 ж

## Тақырыбы: «Асық- ұлттық құндылық»

Жоба түрі: Танымдық

Жобаға қатысушылар: 3 жастағы балалар, ата-аналар

Уақыт бойынша: ұзақ мерзімді

Өткізілуі түрі: әнгімелер, қимылды ойындар, ата-аналар мен жұмыс, асық ойынының маңызы мен оның түрлерін анықтау

Өткізілетін орны: спортзал, топ бөлмесі,

### Өзектілігі:

Асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі..

Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Асық ойыны ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа, сергектікке баулиды. Асық ойындарының көп бала болып ойналатын түрі әрбір жас баланың намысын қайрап, жеңіске деген талпынысын арттырады.

Аса көрнекті үздік педагог Н.К. Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі..

Балабақшадағы асық ойнай бастаған баланың бойындағы өзгерістерді ата-аналар күн сайын байқауға болады. Яғни, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыс дене сымбатына көмектеседі. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қабілеті дамиды, ұтып алған асығы көбейген сайын қуанады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. Асықты ұяшықтарға салу баланың саусақ буындарына өте пайдалы. Балалар боялып, тесілген асықты бір түстен кейін екінші түсті жіпке өткізіп, тізбектейді. Тізу арқылы бала түстерді бір-бірінен ажырата алады, қолының ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтарымен жұмыс жасау арқылы, саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын, ұшқырлығын, зейінін жан-жақты дамытады. Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді.

Балабақша тәрбиешілері асық арқылы санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу, түрлі оқиғаларды ойлап тауып, бала танымына қоршаған әлем заңдылықтары мен оқиғаларын қызықты түрде жеткізуге тырысады. Асық ату ойыны арқылы балалардың мергендігін дамытуға, асықпен ойнайтын сан алуан ойындар арқылы бала денсаулығын шыңдауға болады. Ересек топтар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді. Асықтан құралған тактайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еті қатайды, қабілеті артады. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілетінің дамуына, жалпақтабанның алдын алуға болады.

### Жобаның мақсаты

Ұлттылықты қалыптасу үшін бүгінде ұмыт болып кеткен асықтарды заманауи үлгідегі балалардың дамуына пайдалану болып табылады. Жас жеткіншектерді толыққанды тұлғаға айналдыру үшін қазақтың ұлттық құндылығын баланың бойына сіңіру. Асық ойнау арқылы балалар дәлдікке мергендікке ептілікке жеңіске деген құштарлыққа намысқойлыққа әділдікке баулу ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу.

Балалардың ой өрісін дамыту. Балалардың ұлттық ойындарға қызықтыра отырып ұлтжандылыққа тәрбиелеу .

#### Жобаның міндеті

Асықтың бала өміріндегі маңызы орасан зор асық ойындары ойнау кезінде баланың түрлі танымдық қасиеттері дамып денсаулығы нығаяды. Асық бүгінгі бүлдіршіндердің дамуына бірегей методикалық құрал. Балалардың тіл байлықтарын арттыру сөздік қорларын дамыту. Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойының жаңғырту балаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп қызығушылық ояту.

#### Күтілетін нәтиже

- ✓ Асық ойнату арқылы балалардың мергендікке ептілікке жеңіске деген құштарлыққа әділдікке баулу .
- ✓ Балалардың ой –өрісін дамыту. Балаларды ұлттылыққа ұлттық ойындарды қызықтырып ұлтжандыққа тәрбиелеу.
- ✓ Ойын арқылы балалардың адамгершілік адалдық әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру.
- ✓ Ұлттық ойындар ойнай отырып өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып салт –дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру.

#### Тақырыбы: «Асық- ұлттық құндылық»

| № | Тақырыбы                                                                                       | Мазмұны                                                                                                                                        | Дидактикалық материалдар мен ойындар | Мерзімі   |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-----------|
| 1 | Балалардың ата-аналарымен жобаға қатысты мәселелерді талқылау.<br><br>«Асық-асыл қазынам»акция | Тақырыптық іс-шараларды жоспарлауды дайындау                                                                                                   |                                      | Қыркүйек  |
| 2 | Асық ойының тарихы                                                                             |                                                                                                                                                |                                      | Қазан     |
| 3 | Асықпен танысу.<br>Асықтарды бояу.                                                             |                                                                                                                                                | Алшы түрі. Тәйке түрі асық           | Қараша    |
| 4 | Асық атаулары.<br>Бүк түрі. Шік түрі                                                           | Асықтардың атауларын айту                                                                                                                      | Үлкен-кіші асықтар                   | Желтоқсан |
| 5 | «Шертпек» ойыны                                                                                | Балалар асықты түсіне қарай шертуді қажет. Асықты шерткенде дәл түссе және түсі жолаққа сай түссе, өзіне сол асықты немесе сонша ұпай жинайды. | Асықтар                              | Қаңтар    |
| 6 | «Асықтарды түсіне қарай қорапшаға сал»                                                         | Қоржыннан төгілген түрлі түсті асықтарды өз түстеріне қарай                                                                                    | Қоржын, қорапша, түрлі түсті асық    | Ақпан     |

|    |                                                                |                                                                                                                                                                                                                      |  |        |
|----|----------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------|
|    |                                                                | ажыратып, қорапшаға орналастыру.                                                                                                                                                                                     |  |        |
| 7  | «Ақ отау» ойыны                                                | баланың қиялы мен логикалық ойлау қабілеттерін, ұшқырлығын, зейіні дамыту, ептілігін, шапшандығын дамыту, түстерді ажырату. Ойын арқылы балалардың адамгершілік адалдық әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру |  | Наурыз |
| 8  | «Кілемше үстіндегі оюларға асықтарды тізбектеу»                | Балаларға ұлттық құндылықтарды бойыны сіңіре отырып, оюлар туралы мағұлмат беру, қол моторикасын дамыту және шапшандыққа баулу, түстерді тану, ажырату.                                                              |  | Сәуір  |
| 9  | «Геометриялық пішіндердегі асықтардың түсіне қарай бау өткізу» | Баланың ұсақ қол моторикасын дамыту, шапшандыққа, жылдамдыққа дағдыландыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу геометриялық пішіндерді атау, қандай затқа ұқсайтынын сұрап өту.                                                   |  | Мамыр  |
| 10 | «Асық- ұлттық құндылық» презентация қорғау                     |                                                                                                                                                                                                                      |  |        |

\

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақтың ұлттық ойындары Тайжанов С, Қасымбекова С Алматы 2004ж
2. Қазақтың ұлттық ойындары Алматы 2005ж
3. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, Атабаев А.С
4. «Қазақ ойындары» балаларға арналған. Алматы. 2007ж. Молдағаринов А.
5. Асық ату-Шекемтас кітап Бөрібеков .Б Тараз 2015ж
6. «Асық ату» және «Бес асық» ойындарының қоданыстағы ережелері Нұр-Сұлтан қаласы-2019 ж

МКҚК «Бөбек»-бөбекжай балабақшасының 2024-2025оқу  
жылының "Күншуақ"аралас тобының вариативтік адаптивтік  
бағдарлама бойынша есеп.  
Тәрбиеші:Камысбаева М.К

Вариативтік адаптивтік бағдарлама бойынша «Асық- ұлттық құндылық» тақырыбында жыл бойы жұмыс жасап келемін.

Асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі..

Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Асық ойыны ептілікке, мергендікке, шапшандыққа, сергектікке баулиды. Асық ойындарының көп бала болып ойналатын түрі әрбір жас баланың намысын қайрап, жеңіске деген талпынысын арттырады.

Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі..

Балабақшадағы асық ойнай бастаған баланың бойындағы өзгерістерді ата-аналар күн сайын байқауға болады. Яғни, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыс дене сымбатына көмектеседі. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қабілеті дамиды, ұтып алған асығы көбейген сайын қуанады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. Асықты ұяшықтарға салу баланың саусақ буындарына өте пайдалы. Балалар боялып, тесілген асықты бір түстен кейін екінші түсті жіпке өткізіп, тізбектейді. Тізу арқылы бала түстерді бір-бірінен ажырата алады, қолының ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтарымен жұмыс жасау арқылы, саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын, ұшқырлығын, зейінін жан-жақты дамытады.


#### **Жобаның мақсаты**

Ұлттылықты қалыптасу үшін бүгінде ұмыт болып кеткен асықтарды заманауи үлгідегі балалардың дамуына пайдалану болып табылады. Жас жеткіншектерді толыққанды тұлғаға айналдыру үшін қазақтың ұлттық құндылығын баланың бойына сіңіру. Асық ойнау арқылы балалар дәлдікке мергендікке ептілікке жеңіске деген құштарлыққа намысқойлыққа әділдікке баулу ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу. Балалардың ой өрісін дамыту. Балалардың ұлттық ойындарға қызықтыра отырып ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Алдымен адаптивтік бағдарламаның тақырыптық іс-шараларға жоспар дайындадым.

Балалардың ата-аналарымен жобаға қатысты мәселелерді талқылады.

Семинарға қажетті ата-аналар мен бірлесе отырып «шебер қолдар» жұмысы жүргізілді ұлттық оюлар, шашбаулар жасадық, ата-аналарға асық әкелуін сұрадым. «Асық-асыл қазынам» акциясы жүргізілді, Ата-аналар барынша асық жинап әкеліп берді.





Балаларды асықпен таныстырып өттім. Асық ойыны қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны екенін. Асықты ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйегі екенін түсіндіріп, көрсетіп өттім. Иіргенде түскен алпына қарай асық - алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арналған арнайы қорғасын құйылып жасалғаны - сақа, оң қолмен атуға ыңғайлысы - оңқы асық аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б.

4 наурыз айында балабақшамызда ұйымдастырылған аудандық семинарда осы адаптивтік бағдарлама бойынша жүргізілген жұмыстарымды семинарда ойын түрінде көрсетіп, тәжірибие алмастым.

#### «Ақ отау» ойыны

**Мақсаты:** баланың қиялы мен логикалық ойлау қабілеттерін, ұшқырлығын, зейіні дамыту, ептілігін, шапшаңдығын дамыту, түстерді ажырату. Ойын арқылы балалардың адамгершілік адалдық әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру.

#### **Ойынның шарты:**

Тапсырма қарапайым: түрлі-түсті асықтарды арнайы шаблонға сәйкес орналастыру керек. Бес түсті асықты өздерінің түстеріне сәйкес, яғни бес қатарға жинап шығу қажет. Бұл жерде ереже тек бір асықты жылжыту арқылы ойналады.

Мысалы бірінші қатарда әр түрлі асық тұрады. Бірінші қандай асық тұр қызыл тұрса, қызыл қатарға жылжытып апарамыз, келесі түстегі асықты өз қатарына кезек-кезек жылжытып апарамыз. Бұл ойында балалардың логикалық ойлау қабілеттері дамиды, ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа, сергектікке баулиды. Ұсақ моториканы дамытады!



### «Кілемше үстіндегі оюларға асықтарды тізбектеу» ойыны

#### **Ойынның шарты:**

Ойын ойнау арқылы асықтардың түстерін ажырату және оюларға тізбектеу. Балаларға қандай ою екенін айтып үйрету.

Балаларға ұлттық құндылықтарды бойыны сіңіре отырып, оюлар туралы мағлұмат беру, қол моторикасын дамыту және шапшандыққа баулу.



### **«Геометриялық пішіндердегі асықтардың түсіне қарай бау өткізу»**

Бұл ойында геометриялық пішіндерді атау, ажырату, түстерін сұрау, баланың ұсақ қол моторикасын дамыту, шапшандыққа, жылдамдыққа дағдыландыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



### **"Шертпек" ұлттық ойыны іс-әрекет кезеңі.**


**Мақсаты:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық ойындарды жаңғыртып, бала бойына сіңіріп, достыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Ойынға шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс - әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл - ой, адамгершілік дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Ұлттық ойын үстінде өнеге алып, мінез қалыптастырады, өзіндік

ерекшелік қасиетін айқындай бастайды. Тәрбиеші ұлттық ойын үстінде әр баланың игі бастамасын қолдап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді өрбітуге, өзіндік мінез – құлқын қалыптастыруға аса көңіл бөлгені жөн.

Ойын 3-5 жас аралығындағы балаларға арналған.


Ойын шарты : балалар асықты түсіне қарай шерту қажет. Бала асықты шерткенде дәл түссе, асықтың түсі жолаққа сай түссе өзіне сол асықты жинайды немесе сонша ұпай алады.




#### "Шыр" ұлттық ойынның бірі.

**Мақсаты:** Бұл ойында балалар асықтармен танысып, түстерін атайды.


"Шыр" ойыны асықтарды шерту арқылы ойналады. Балалар шертіп отыру арқылы, өздеріне асықтар жинайды. Кім көп асық жинаса, сол жеңіске жетеді.













Қорыта келгенде, асық ойыны балабақшада балалардың жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Оны тәрбие процесіне енгізу ұлттық құндылықтарды насихаттап, жаңа буынның мәдени санасын арттырады. Осы бағдарламаға сай жасалған ойын түрлерінің барлығын ,балалармен бірге оқу қызыметі барысында және күннің екінші жартысында балалардың бос уақытын, үнемді пайдалану мақсатында, осы адаптивтік бағдарламаға сай үнемі өткізіліп отырылды. Балаларға ол қызықты болды, ойын барысында түстерді ажырата білді, баланың дене белсенділігі арттады, ұсақ қол моторикасы дамыды, балалардың есте сақтау қабілеттері дамыды.